

САЙЛАУШЫЛАРЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА

“Халық қалаулылары нендей жұмыстар бітіріп жатыр?” деген ой кімді де болсын мазалары хақ. Осы орайда қалалық маслихат депутаттарының атқарған істерін тұрғындарға жеткізіп отыруды жөн көрдік. Алғашқы кейіпкеріміз Роза Өмірбайқызы Елубаева №11 Гагарин округінен сайланған. 2004 жылдан бері округ тұрғындарының арыз-шағымдарын тыңдап, мәселелерін шешіп келеді.

Роза Өмірбайқызы депутаттық қызмет атқарып жүрген үш жылда атқарылған жұмыстары туралы айта отырып, сөзі құрғақ болмас үшін қабылдау дәптерін көрсетті. Оған азаматтардың өтініштері түскен күннен бастап арыз қанағаттандырылғанға дейін жазып отырады екен.



Қабылдау дәптерінің ішіндегі алуан мазмұнды мәселелерден көз тұнады. Біреулері пәтер мәселесімен, екіншілері жөндеу жұмыстары туралы, енді біреулері әлеуметтік көмек сұрайды.

-Бұл өтініштердің әрбірін зерттей отыра тиісті орындарға хат жазамын, олар менің сауалыма орай жауап береді. Осылайша арыз иелеріне мүмкіндігінше көмектесуге тырысамын, - дейді Роза Елубаева.

Осындай арыздардың бірінде өткен жылы Кислянский Андрей Степанович есімді Ұлы Отан соғысының ардагері пәтер жөндеуге көмек сұрапты. Андрей Степановичке әлденендей себептермен соғысқа қатысқандарға берілетін көмек көрсетілмей қалыпты. Депутат сұрауы бойынша тиісті орындардан хабар келіп, соғыс ардагерінің пәтеріне темір есік орнатылыпты.

Строительный көшесінің тұрғыны Хадірсейітова есімді азаматшаның пәтері өртеніп, жатын бөлмедегі мүліктердің бәрі отқа оранған. Орасан зор материалдық шығын келтірген өрт салдарынан қаһарлы қыс алдында қауқарсыз қалған пәтер иесі амалсыздан депутат көмегіне жүгінеді. Хадірсейітоваға №10 мектептен қайырымдылық көмек көрсетіліп, балаларына киім, канцелярлық бұйымдар берілген.

“Үміт” балалар үйінен түскен шағымда /2004 жылы/ “Чайка” кафе-сінде шу, ұрыс-керіс көп болатыны, сол шудың бала тәрбиесіне кері әсер ететіні айтылған екен. Қазір кафе жабылып, орнына ойын клубы орналасқан.

Ярмолюк Екатеринаның шешесі қызына қол ұшын беруді сұрап өтініш берген. Екатеринаның 4 баласы бар. Өзі жұмыс істемейді. Балаларға жәрдемақы алуға құжаттары, жеке куәлігі де жоқ. Р.Елубаева осы мәселемен қайырымдылық қорының директоры Аркадий Мартынович Бауэрге хат жолдайды. Е.Ярмолюкке құжат алуға көмек көрсетілді.

Кейде көрші округтегілер көмек сұрап келетін жағдай болып тұратын көрінеді. Мәселен, Студенческий округіне жататын Ленин,42 үйдің үйбасы әртүрлі жұмыспен әлі күнге дейін Роза Өмірбайқызына келеді екен. Ондай кездері ол тұрғындардың көңілін қалдырмай, мәселелерін шешіп беруге тырысады.

-Материалдық көмек сұрағандардың алдында қатты қысыламын, - дейді депутат. - Ең қиыны да біреуден бір нәрсе сұрап бару екен. Мен кейбіреулердей жеке кәсіпкер емеспін. Сонда да болса көмек сұрағандарға қол ұшын бергім келеді. Өткен жылы мынадай бір жағдай болды. Аз қамтылған отбасынан шыққан баланың мектепке киетін киімі жоқ. Қыстың көзі қырауда ол қайда барады. Сондықтан баланың шешесін базарға ертіп апарып, куртқа сатып алып бердім.

Арыз жазушылар әртүрлі мәселемен келеді. Солардың бірі “көр-

Арыз жазушылар әртүрлі мәселемен келеді. Солардың бірі “көршім келінімді аңдып жүр, тыныштық бермейді” деп келген аталмыш округте тұратын әжейге Роза Өмірбайқызы полицияға немесе дәрігерге баруға кеңес беріпті. Сол сияқты көршісі ішіп, мазаны алса да, күйеуімен ұрысып қалса да депутатқа шағымданып келушілерге де ақыл-кеңесін айтып жүреді.

-Тұрғындарды негізінен №10 мектепте қабылдаймын. Бірақ көп адамдар үйге де қоңырау шалады. Кейбіреулері үйге келіп те жатады.

Депутаттар жұрттың коммуналдық мәселелерін ғана шешіп қоймай, халықтың әлеуметтік жағдайын, білім сапасын жақсартуға қатысты, тағы басқа мәселелерді көтеріп жүр. Тұрғындардың жағдайымен жақсырақ танысу үшін Тау-кен муниципалдық округінің жиналысына жиі қатысатын Роза Өмірбайқызы ПИК төрағаларымен жұмыс істеп, олардың талап-тілектерін тыңдап, содан кейін депутаттық сұрақ дайындайтынын айтады. Енді Р.Елубаева 1 тамызда өтетін қала әкімінің депутаттар алдында есеп беру кездесуінде жөндеу жұмыстарына бөлінетін қаржы туралы мәселені көтермекші.

-Әрбір депутат халық үшін қызмет етеді. Ал халық қалаулысының жүрегі ашық, ар-ожданы таза болуы тиіс. Елдің алғысын арқалағанға не жетсін,-дейді Р.Елубаева сөз соңында.

Г.Қуатбайқызы